

Шыңғырлау ауданы бойынша нысаналы топтарға жататын тұлғалардың қосымша тізбесін белгілеу туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 14 ақпандағы № 39 қаулысы. Батыс Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2013 жылғы 6 наурызда № 3197 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 23 қаңтардағы № 18 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданы әкімдігінің 23.01.2014 № 18 қаулысымен

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" және 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңдарын басшылыққа ала отырып, еңбек рыногындағы жағдай мен бюджет қаражатына қарай, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қосымшаға сәйкес Шыңғырлау ауданы бойынша нысаналы топтарға жататын тұлғалардың қосымша тізбесі белгіленсін.

2. "Шыңғырлау ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қ а б ы л д а с ы н .

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Қ. Айтмұхамбетовке жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі А. Халелов

Шыңғырлау ауданы әкімдігінің
2013 жылғы 14 ақпандағы № 39
қаулысына қосымша

Шыңғырлау ауданы бойынша нысаналы топтарға жататын тұлғалардың қосымша тізбесі

1. Бір жылдан астам жұмыс істемеген адамдар;
2. 50 (елу) жастан асқан адамдар;
3. Бастауыш, орта және жоғары кәсіби білім беретін оқу орындарының т ү л е к т е р і ;
4. Алған мамандық бойынша еңбек өтілі және тәжірибесі жоқ, жұмыстан бос

ж а с т а р ;

5. Жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органның жолдамасы бойынша оқуды бітірген тұлғалар.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК